



**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САН
АЛУАН ЫРЫМ-
ТҮЙІМДЕРІНІҢ МӘН-
МАҒЫНАСЫ**

Кантарбаева Ж.О., Нұрсадық А.

Ырым – тыйымдар



Қазақ халқымен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан ырым-тыйымдар жүйесі халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқаны белгілі. Ырым-тыйым арқылы бала тәрбиелеу, жат әдеттерден тыю, туындауы мүмкін қауіп-қатерлерді ескерту және т.б. нәрселер ұлтымыздың рухани кеңістігінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тарихи, этномәдени, әлеуметтік мәні терең дүние.

Шамандық ырымдар

Кейбір ырым-тыйымдар бағзы замандардағы шамандық, тәңірлік наным-сенімдердің сипаты, белгісі ретінде де көрініс беріп жатады. Қалай дегенмен, ырым-тыйымдарды халқымыздың ұлттық болмысынан бөле-жара қарауға болмайды.



Ырымдарды орындау

Сонымен қатар ырымды жеке адам бұлжытпай орындау үшін сездірілетін рәміздік әрекеттер жүйесі деуге де болады. Мысалы: Жұлдыз ақса, оны көрген кісі «Менің жұлдызым жоғары» деп айту керек; Бала сүт тісі түссе, оны майға орап «Жасық тісімді алып, өткір тісімді бер» деп итке беруі керек. Үйдің іргесіне ит сарыса, құт құйылады. Ерттеулі тұрған ат сілкінсе, жын-шайтанды үркітіп жатқаны деп ырымдалады. Ырымдардың барлығы бірдей жақсылыққа кенелтетін болжамдармен ғана емес, адамға төнетін қауіп-қатер туралы да жорамал жасауға мүмкіндік береді.



Көз тию ырымы

Мәселен, «көз тиюден сақтайтын» сан түрлі ырымдар бар. Ырыммен қатарлас жүретін тұмар тағу, аластау, бақсылықпен емдеу, жауырынға қарап болжау, құмалақ салу сияқты дәстүрлі ұлттық ерекшеліктер көне түркі мәдениетіне ортақ құндылықтар деп саналады. Мысалы, қазақтың ырым-тыйымдарының астарында сан түрлі тақырыпты қамтитын мәдени-этикалық тәрбиелеу таңбалары жатыр.

Төрт түлік туралы ырым

Төрт түліктің өзге де қасиеттеріне, кейбір әрекеттеріне қарай отырып ауа райын, табиғат болмысын, өзге де нәрселерді болжай алған халқымыздың рухани қазынасында осынау тақырыпқа арналған ырым-тыйымдар молынан ұшырасады. Солардың бірқатарына тоқталамыз. Сойылған малдың қанын төрт түлік (әсіресе, сиырдың) көзінше төгуге болмайды – сүтінен айырылады.

Ас туралы ырымдар

Қазақ асты ерекше қадірлейтін халық. Сондықтан ас-ауқатқа, тағамға байланысты қалыптасқан ырым-тыйымдар астың қадірін арттыруға, ысырапшылдыққа жол бермеуге бағытталғаны сөзсіз. Қызға кәрі жілік ұстатпайды – оң жақта көп отырып қалады. Балаға ми жегізбейді – былжыр, ынжық болады. Ішіп отырған шайға сама түссе – қонақ келеді. Ас ішіп болған соң «тойдым демейді», «қанағат» деген жөн.



Ас туралы ырымдар

Тұзды бейберекет шашпайды, астың иманы – тұз деп қарайды. Егіннің тұқымы үшін біреу қарызға дән сұраса ренжімей береді, дәнді адам емес, қара жер тілеп жатыр деп ырымдайды. Қазақ танымында ақ өнімдері, яғни ағарған жақсылықтың нышаны, пәктіктің, тазалықтың символы ретінде қалыптасқан. Сондықтан ағарғанға қатысты ырымдар өте көп. Мысалы, байқаусызда ақты төгіп алса, саусағын батырып, маңдайына жағу ырымын жасаған. Сосын аяққа басылмас үшін жақсылап тазалап, сүртіп алатын болған. Ақты аяқасты ысырап етпеген.



Наным –сенімге байланысты



Ертеде қазақтар дертке шалдыққан адамды көне наным-сеніммен, «киелі ағашқа» апарып, басына сыйынып, ырым етіп ақтық (шүберек) байлаған, науқас адамды дерттен арылтуға ниет еткен. Бітеу іреп сойылған мал терісінен жасалған долық дейтін бітеу ыдысты молшылықтың нышаны санаған қазақ «үйге кірген ырыздықты «бітеп», шығармай тұрады» деп сенген. Мұндай бітеу малдың терісінен жасалған тұлып тәрізді ыдысқа ас-тағамның берекесі саналатын, дәмін келтіретін тұз бен молшылықтың белгісі астық сияқты заттарды ырымдап салып қоятын болған.

Уйге байланысты ырымдар



Есіктің босағасын керуге, табалдырығында тұруға болмайды – жау шапқанда ғана үй иелері босағаны керіп, табалдырықта тұрған. Киіз үйде құмырсқа көбейіп кетсе – жылқының екі тезегін уыққа іліп қояды. «Тәңірден тілеп алған» сәбиінің екі аяғына ата-анасы ырымдап, баланы «тіл-көзден, түрлі пәле-жаладан қорғайды» деп қымбат бағалы металдан білезік соқтырып тағып қояды

Мифтік наным – сенімдер

Бүгінгі күні қазақ халқының ырым-тыйымдары туралы жинақтар аз емес. Дегенмен, әрбір ырым-тыйымды мифтік наным-сенімдер негізінде талдаған ғылыми зерттеу жұмыстары санаулы. Қазақ халқының мифтік наным-сенімдері, табу және эвфемизмдер туралы қомақты еңбек белгілі түрколог ғалым Әділ Ахметовке тиесілі. Ол «Түркі тілдеріндегі табу және эвфемизмдер» атты еңбегінде «ырым-тыйымдардың басты сипатты белгісі адамның жеке басын ғана емес, отбасы мен мал-мүлкіне, өмір сүріп отырған ортасына зияны тиюі мүмкін кез келген іс-әрекеттің алдын кесу» деп көрсетеді.**

Магиялық сенім



Көптеген халықтарға тән сөз магиясына сенімнің үлкен бір айғағы адамның атына қатысты ырым-тыйымдар. Наным бойынша адам өмірі мен оның есімінің арасында байланыс бар. Мәселен, батыс Африка елдерінде патшаның есімін тікелей атамай, оны лақап атпен атаған. Сөз магиясына сенумен байланысты адамның шын атын атауға тыйым салу, лақап ат беру қазақ халқының дәстүрінде де сақталған. Жаңа түскен келіннің күйеуінің туыстарын тікелей атымен атамай, «үлкен аға», «ерке бала», «сұлу жігіт» деп атауы осының көрінісі.

Ырымдар адам өмірінде

Жалпы алғанда, қазақ халқының ырым-тыйымдары адам дүниеге келгеннен бастап, өмірден озғанға дейінгі ғұмырының барлық кезеңдерінде, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде кең көрініс тапқаны белгілі. Бабаларымыз табулардың (тыйымдардың) дүниетанымдық және тәрбиелік функциясын өте тиімді пайдалана білген. Туған жерге, табиғатқа, жан-жануарларға қатысты ырым-тыйымдар арқылы ұрпағына экологиялық білім мен тәрбие беріп отырған.



Дуниетаным мен философия



Ол ырым-тыйымдарды халықтың дүниетанымы мен философиясына негіздей отырып, кейде көркем тілі арқылы мақал-мәтел, нақыл сөздер түрінде берсе, кейде «обал болады», «жаман болады» немесе «киесі ұрады» деп қорқыта-сақтандыру арқылы жеткізіп отырған.

Қорытынды

Қорыта келе айтқанда, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы мифтік табулардың орны ерекше. Табулардың біз атап өткен дүниетанымдық, тәрбиелік және әлеуметтік функцияларынан өзге бақылаушылық, шектеушілік, сақтанушылық (қорғанушылық) және т.б., сияқты көптеген қызметтерінің мәнін түсіне отырып қолдана білсек, сол, көптеген ырым-тыйымдар арқылы болашақ ұрпақты табиғатты аялауға, үлкендерді қадірлеуге, жанашырлыққа, ізгілік пен мейірімділікке, төзімділік пен сабырлылыққа, жалпы адамзаттық және қоғамдық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеуге болады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Бетті дайындаған Айгүл
Әмірбекова, А. Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институтының аға
ғылыми қызметкері, филология
ғылымының кандидаты**
- 2. Қазақ ұлттық энциклопедиясы**

Назарларыңызға рахмет !